

АТА-АНАЛАРҒА АРНАЛҒАН ЖАДЫНАМА

Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің
2024 жылдың «1» наурызындағы №53 бұйрығы

Сіздің қалаңызда ваучерлер арқылы балабақшаларды қаржыландырудың жаңа моделі енгізілуде, онда ата-аналар өз балалары үшін балабақшаны өз бетінше таңдай алады, ал мемлекеттен нысаналы қаражат тікелей баланың арнайы банктік шотына аударылады.

Сіз бұл қаражатты қол жетімді орындар мен жеке қалауларыңызға қарай қай балабақшаға аудару керектігін өзіңіз шешесіз





ТАҢДАУ ЕРКІНДІГІ




Balabaqsha SmartNation порталында балаңызға қандай балабақша таңдау керектігін өзіңіз шешесіз

АШЫҚТЫҚ

Кезек, қол жетімді орындар және қабылдау туралы барлық ақпарат нақты уақыт бойынша көрінеді.

ИКЕМДІЛІК

Қазіргі балабақша ұнамады ма? Егер басқа балабақшада бос орындар болса немесе бос орын болмаса, күту парағына жазылсаңыз, баланы кез келген уақытта басқа балабақшаға ауыстыра аласыз.



Balabaqsha SmartNation
мемлекеттік қызметтердің
бірыңғай порталына кіру үшін
QR кодын сканерлеңіз



ВАУЧЕРЛІК ҚАРЖЫЛАНДЫРУ ДЕГЕНІМІЗ НЕ?

Ваучерлік қаржыландыру



Қазақстан
Республикасының
Оқу-ағарту министрлігі
және «Қаржы
орталығы» АҚ

Ақшаны балабақшаға емес, баланың арнайы **шотына аударады**. Осылайша, ата-анаға баланың балабақшаға баруына байланысты қаражаттың жұмсалуды бақылау мүмкіндігі ашылады.



Ата-ана

Ваучер
алады

Баланы қайда
тіркеу
керектігін
таңдайды

Бұл
ақшаны қай
балабақшаға
жіберу
керектігін
таңдайды



Мемлекет

Мектепке
дейінгі білім
беруге ақша
бөледі

Бала
балабақшаға
барады

Мемлекет
оларды ай
сайын
баланың
банктік шотына
аударады



Ата-ана

Balabaqsha SmartNation жеке кабинетінде қатысу табеліне қол қояды, бір рет басу арқылы балабақшаның пайдасына арнайы шоттан төлемді **растайды**

Осылайша, ата-ана баланың мақсатты қаражатының жұмсалуды бақылайды. Ақша тек білім беру қызметтерін төлеу үшін пайдаланылуы мүмкін және оны басқа қажеттіліктерге жұмсауға болмайды.

Арнайы шартты шот тегін ашылады және комиссиясы жоқ.



ҚАЛАЙ ВАУЧЕР АЛУҒА ЖӘНЕ БАЛАБАҚШАҒА ҚАБЫЛДАНУҒА БОЛАДЫ?

1 қадам



Balabaqsha порталында электронды ваучерлік кезекке **тұрыңыз**

2 қадам



Ваучердің берілгендігі жайлы хабарламаны **күтіңіз**

3 қадам



2 жұмыс күні ішінде ваучерге мүдделілігіңізді **растаңыз**

4 қадам



Қабылдану үшін балабақшаны **таңдаңыз**

5 қадам



Қаражатты алу үшін банкте банктік эскроу-шот **ашыңыз**

6 қадам



ЭЦҚ қолдана отырып балабақшамен электронды **шарт жасаңыз**



Маңызды! Ваучерге мүдделілік расталғаннан кейін сізге балабақшаны таңдап, онымен электронды шарт жасау үшін **5 жұмыс күні** беріледі.



ЖИІ ҚОЙЫЛАТЫН СҰРАҚТАР

?

Маған балабақшаға немесе білім бөліміне бару керек пе?

Жоқ, барлық кезеңдер ата-анамен Balabaqsha SmartNation порталы арқылы орындалады

?

Мен ваучерді қашан ала аламын?

Ваучерлер автоматты түрде Balabaqsha SmartNation жүйесі арқылы Білім басқармасынан қаражат түскен бойда беріледі.

Жыл сайын мектеп жасына дейінгі балаларды қамту үшін қаржыландыру көлемі артады.

?

Мен ваучерді тамақтану немесе қосымша ақы төлеу үшін пайдалана аламын ба?

Жоқ, ваучер тек мектепке дейінгі ұйымдағы оқу және тәрбие ақысын қамтиды.

?

Неліктен бұл маңызды?

Ваучерлік қаржыландыру ата-аналарға баласының қайда оқитынын көбірек бақылауға мүмкіндік береді. Сіз қай балабақша ең сапалы қызмет көрсететінін өзіңіз шешесіз, ал балабақшалар арасындағы бәсекелестік білім беру мен тәрбиелеудегі стандарттардың артуына ықпал етеді.

Енді балабақша сіздің балаңыз үшін болашаққа қадам болады, ал оның оқуының ақысына мемлекет кепілдік береді!